

«СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
ӘКІМЕТІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ  
«ПЕТРОПАВЛ ҚАТАСЫНЫҢ БІЛІМ  
БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА ПЕТРОПАВЛОВСКА»  
КОММУНАЛЬНОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ  
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

2025 ж. 28.08

Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

№ 241

город Петропавловск

## 2025/2026 оқу жылына арналған тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31.10 № 598 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын балаларды тамақтандыруға байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» және «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ бір төбеден төмен төленетін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алынбайтын отбасылардан қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №23/1 «Солтүстік Қазақстан облысының 2025-2026 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы» шешімі негізінде,

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп директорларына
  - 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі сынып, 1-11 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.
  - әлеуметтік аз қамтылған санаттағы оқушыларды және 1-4 сынып оқушыларын тегін және жеңілдетілген бағамен тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметті сапалы көрсетуді қамтамасыз ету;
  - оқу жылының басында ата-аналар қауымы мен мектеп әкімшілігі арасында дайын және шикі өнімдердің сапасын, сонымен қатар асханадағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайтын бракераждық комиссиясын құру;

- 2025/2026 оқу жылына мектеп бойынша тамақтануды ұйымдастыруға жауаптыларды тағайындау;
  - оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлеу, оқу жылында бекітілген апталық ас мәзірі және перспективалық ас мәзірі болуы,
  - санитарлық нормаларды қатаң сақтауға, жыл бойы мектеп бойынша ауыз су режимін қатаң сақтау;
  - мектептің веб- сайтында «Мектептегі тамақтану» айдарын құрып, мектептегі тамақтануды, мәзірді, бракераж комиссиясының құрамын және т.б. ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ету;
  - асханадағы кезекшілік кестесін бекіту;
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Петропавл қаласының білім бөлімі»КММ жалпы пәндер бойынша әдіскері А.В. Загородноваға жүктеймін.

Басшы



Д.Рақышева